

Клиникалық жағдай: «Қант диабеті 1 типі. Гипогликемиялық кома»

Ситуация: Сіз – кезекші дәрігерсіз. Қабылдау бөліміне ессіз күйде 8 жасар қыз бала түсті.

Тапсырма:

- Анамнез жинап (туыстарынан) және науқасты қарап тексеріңіз.
- Лабораторлы-аспапты зерттеулерге интерпретация жасаңыз.
- Диагноз қойыңыз.
- Науқасты жүргізу тактикасын анықтаңыз.

Соңғы нәтиже (outcomes):

- Эндокринді жүйе ауруымен сырқат науқасты физикалық қарап тексеру және туыстарынан сұрау жүргізу.
- Гипогликемиялық команың клиникалық диагностикасы.
- Қан мен зәрдің лабораторлы зерттеулердің интерпретациясы.
- Гипогликемиялық комамен науқасты жүргізу тактикасы.
- Науқас туыстарымен оптимальді қатынас орнату.

«Қант диабеті 1 тип. Гипогликемиялық кома» клиникалық симуляцияны
БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

№	Қадамдарды бағалаудың критерийлері	Баллдық бағалау		
		Дұрыс орындады	Ескертулер мен орындады	Орында мады
1	Анамнез жинау. Барлық сұрақтар қойылды ма?	1,0	0,5	0
2	Гипогликемиялық команың ауырлық критерийлері анықталды ма	1,0	0,5	0
3	Жалпы қарап тексерудегі-физикалық қарап тексеру дұрыс және ретімен жүргізілуі	1,0	0,5	0
4	Қан қысымын өлшеу техникасы мен нәтижесін интерпретациялауды бағалау.	1,0	0,5	0
5	ЖҚЖ мен тері жабындыларын зерттеу дұрыстығы.	1,0	0,5	0
6	Бұлшық ет тонусын, сіңірлік рефлексдердің, қарашықтың жағдайын анықтау дұрыстығы.	1,0	0,5	0
7	Болжама диагнозды негіздеу.	1,0	0,5	0
8	Зерттеу жүргізу жоспарын тағайындау:ЖҚА, ЖЗА, БХА (мочевина, креатинин, глюкоза, К, Na, рН), гликозилирленген гемоглобинді анықтау (HbA1c), ЭКГ	1,0	0,5	0
9	Салыстырмалы диагностиканың жоспары	1,0	0,5	0
10	ЖҚА, ЖЗА интерпретациясы	1,0	0,5	0
11	ЭКГ интерпретациясы	2,0	1,0	0
12	Қанның БХА интерпретациясы	2,0	1,0	0
13	Гликозилирленген гемоглобин(HbA1c) интерпретациясы	1,0	0,5	0
14	Қорытынды диагнозды негіздеу	1,0	0,5	0
15	Емдеу тактикасын анықтау	1,0	0,5	0
16	Емдеу эффективтілігін бақылау	1,0	0,5	0
17	Науқас туыстарымен оптимальді қатынас орнату	2,0	1,0	0
ҚОРЫТЫНДЫ БАЛЛ				

Стандартты әртіске арналған сценарийдің мәтіні және оның рөлінің түсініктемесі:

Туыстарының айтуы бойынша шағымдары:гимнастика жаттығуларынан кейін қыз қарын ашу сезіміне, дене діріліне, көзінің қарауытуы, жалпы әлсіздікке шағымданды.

Сұрақтың мәні	Әртіске арналған сұрақтың құрылымы	Жауап
Қант диабеті 1 типінің басталуы	Сіздің балаңызда қант диабетін қалай анықтады?	Соңғы бір жарым айда ол қатты арықтап, педиатрға қаралдық, қарау кезінде қандағы қант деңгейінің 20 ммоль/л дейін жоғарылауы анықталды.
Емдеу режимі	Балаңызға тағайындалған инсулинотерапия схема реттілігін сақтайсызба?	Сақтаймыз
Қоздыратын фактор	Балаңыздағы жағдайының нашарлауын немен байланыстырасыз?	Тамақ қабылдау жеткіліксіздігі мен физикалық жүктеу
Тамақтану сипаттамасы	Тағайындалған диета сақтайсызба?	Соңғы кездері баламыз негізгі тағам

		қабылдау арасында жүрек жалғауға үлгермей жүр.
--	--	--

Анамнезінде: қызауырғанына ұзақ болған жоқ, 1,5 ай бұрын. № 2 БҚКА эндокринология бөлімінде инсулин дозасы тағайындалып, ем қабылдады. Гимнастика жарыстарына дайындалу себебінен «Диабет мектебін» толық өтпеді.

Объективті: баланың есі жоғалған, жағдайы ауыр. Т- 36,6°C, АҚҚ -100/70 мм.с.б., ЖСЖ – 110 минутына. Тері жабындылары ылғалды. Қарашықтары кеңейген. Бұлшық ет тонусы мен сіңірлік рефлекстері жоғары. Өкпесінде везикулярлы тыныс, сырылдар жоқ. Жүрек үндері кереңделген, тахикардия.

Болжам диагнозы: Қант диабеті 1 тип. Гипогликемиялық кома.

Тексеру жоспары:

1. ЖҚА, ЖЗА
2. Қанның БХА (мочевина, креатинин, глюкоза, К, Na, қанның рН)

ЖКА

Эритроциты - $4,2 \times 10^{12}/л$
 Гемоглобин - 132 г/л
 Лейкоциты - $4,5 \times 10^9/л$
 палочкоядерные – $1 \times 10^9/л$
 сегментоядерные – $62 \times 10^9/л$
 лимфоциты – $33 \times 10^9/л$
 эозинофилы – $2 \times 10^9/л$
 моноциты – $2 \times 10^9/л$
 СОЭ - 22 мм/ч

ЖЗА

Количество – 50 мл
 Цвет – желтый
 Прозрачность – пр
 Относительная плотность – 1030
 Реакция – кислая
 Белок – отр
 Плоский эпителий – 0 – 2 в п/зр
 Лейкоциты - 1 – 3 в п/зр
 Слизь +


БАК

Гликозилированный гемоглобин (HbA1c) – 6,9 %

БАК

ОБ – 60г/л
 Сахар – 1,2 ммоль/л
 Мочевина – 5,6 ммоль/л
 АЛТ – 0,25 ммоль/л
 АСТ – 0,32 ммоль/л
 Креатинин – 0,06 ммоль/л
 Калий – 5,3 ммоль/л
 Натрий 138 ммоль/л

ЭКГ:



«Қант диабеті 1 типі. Гипогликемиялық кома»
 клиникалық жағдай бойынша жауап эталоны

№	Қадамдарын бағалау критерийлері	Жауаптар эталоны
---	---------------------------------	------------------

1	Шағымдарын сұрады, ауру анамнезін жинады. Барлық сұрақтар қойылды ма?	Аурудың ұзақтығы мен инсулинотерапия тәртібі сақталды ма, анықтау. Анамнез morbi
2	Гипогликемиялық қоманың ауырлық критерийлері анықталды ма?	Есі жоғалған, қарашығы кеңейген, тері жабындылардың ылғалдылығы жоғары
3	Жалпы қарау кезіндегі физикалық қарап тексерудің реттілігі мен дұрыс жасалуы	Есін, тері жабындыларының жағдайын, қарашық пен сіңірлік рефлексстерін бағалау
4	Қан қысымын өлшеу техникасы мен интерпретациясының дұрыс орындалуы	Қан қысымын өлшеудегі тәжірибелік дағдылар – қолының қалпы, манжетті тағу, АҚҚ үш реттік өлшеу және орташа нәтижесін интерпретациялау.
5	ЖҚЖ мен тер жабындылар жағдайын зерттеудің дұрыстығы	Тері жабындылары ылғалдылығының жоғарлауы, жүрек тондарының тұйықталуы, тахикардия
6	Бұлшық ет тонусы мен сіңірлік рефлексстің дұрыстығын анықтау, қарашықтың жағдайы	Бұлшық ет тонусы және сіңірлік рефлексстер - жоғары, қарашық кеңейген
7	Болжама диагнозды негіздеу	Қант диабеті 1 типі. Гипогликемиялық кома
8	Зерттеу жоспарын тағайындау	ЖҚА, ЖЗА, БХА (мочевина, креатинин, глюкоза, К, Na, рН), гликозилирленген гемоглобинді анықтау (HbA1c), ЭКГ
9	Салыстырмалы диагностиканың жоспары	Диабетикалық қоманың басқа түрлері
10	ЖҚА, ЖЗА интерпретациясы	Өзгеріссіз
11	ЭКГ интерпретациясы	Ырғағы синусты, ЖЭО вертикальды орналасқан. Синусты тахикардия, ЖСС – 92, Гисс шоғыры оң таяқшасының толық емес блокадасы, қарыншалар миокардының реполяризация үрдісінің бұзылысы.
12	Қанның БХА интерпретациясы	Айқын гипогликемия – 1,2 ммоль/л
13	Гликозилирленген гемоглобин интерпретациясы	HbA1c -6,9% (алдыңғы тоқсан ұзақтығының компенсациясы)
14	Қорытынды диагнозды негіздеу	Қант диабет 1 типі, ауыр ағымы, декомпенсация кезеңі жағдайы. Гипогликемиялық кома.
15	Емдеу тактикасын анықтау	1. 40% глюкоза ерітіндісін 20-40мл к/т енгізу, қажет болса қайталау; 2. Есін қалпына келтіру үшін 5% глюкоза ерітіндісін к/т тамшылатып енгізу; 3. 0,1% адреналин ерітіндісін 0,5 мл , 1-2 мл глюкагон тері астына; 4. Преднизалон 30-40мг/т; 5. Асқинулармен күресу (ми ісігі, метаболикалық бұзылыстар және т.б.)
16	Ем тиімділігін бақылау	Жалпы жағдайының жақсаруы, есінің қалпына келуі. Гликемия деңгейінің, электролиттік баланстың, ЖҚЖ қызметінің қалпына келуі.
17	Коммуникативтік дағдылар	Науқаспен тиімді қарым –қатынас орнату және үрей сезімін басу.

Симуляция жабдықтары:

1. Тапсырма жазылған парақ, волонтерға арналған тапсырма (науқас туыстары), қадамдарды бағалау критерийлері
2. ЖҚА, БХА, ЖЗА, ЭКГ нәтижелері.
3. Фонендоскоп, тонометр, глюкометр, тест-сызықтар

1. әртіс – науқас, 2. науқас – муляж

Жағдай: оқу бөлмесі – қабылдау бөлімі.

1. Төсек – 1
2. Аспаптарға арналған үстел – 1

3. Дәрі-дәрмектермен мед. шкаф.